

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «ҮЕМАА» заманауи мәдениет орталығы. / Электронды ресурс / URL: <https://yemaa.kz>
2. Цветы зла. / Электронды ресурс / URL: https://yemaa.kz/archive_article.php?id=23
3. Обретение Изобретение. / Электронды ресурс / URL: https://drive.google.com/file/d/1tnxzwUH_fmMitoesf7xg2foZBYyIF8Tn/view
4. 39. Обретение Изобретение. / Электронды ресурс / URL: https://yemaa.kz/archive_article.php?id=18

УДК 101.1

АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРКІНДІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Бекмуханова Әсем Балдайырқызы

bekmuhanova.asem@mail.ru

«Философия және этика» ББ 2 курс студенті
Л.Н.Гумилева атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Тұрсынбаева А.Ө.

Халқымыздың рухани оянуы тәуелсіздігіміздің өміршең болу шартының бірі болып саналады. Елімізде жүргізілген экономикалық реформалармен қатар халықтың сана-сезімі де заман талабына сай өзгерді. Ұлттық философия осы үрдістің қозғаушы күші болып табылады.

Ұлттың алынбауға тиісті және биік үш қамалы бар. Соның бірі – ұлттық хәл-ахуал, екіншісі - ұлттың тілі, үшіншісі - ұлттық өнері және салт- дәстүрі. Ұлт өміріндегі осындай маңызды мәселелер жөнінде терең ойлар қозғап, түрлі пікірлер айтып, әлі де өзектілігін жоймаған тұжырымдамалар бар ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының мұралары халық руханиятының құндылығы десек қателеспейміз.

Алаш зиялы қауымының арманы тәуелсіз елімізде жүзеге асып жатқанын мойындауымыз керек. Өркениетке аяқ басқан елімізде уақыттың талабы да жоғары болуда, сондықтан халқымыздың қоғамдық-саяси, әлеуметтік мұралары мен рухани қазынасын зерттеу өзекті мәселеге айналуға мұқтаж.

Ұлы Абай мен Алаш алыптары дүниетанымындағы терең байланысты зерттеу қазақ философиясының өзекті мәселесінің бірі. Қазақ философиясының дүниетанымдық мәселелердің ішіндегі ерекше басымдыққа ие болатын бағыт – еркіндік философиясы. Дүниетанымдық ғылымдарда еркіндік ұғымы бізге философия арқылы белгілі. Алдымен еске түсетіні Н.А. Бердяевтің «Еркіндік философиясы». М.Хайдеггер, Ж.-П.Сартр, А.Камю, Э.Фром, т.б. философтар еркіндік мәселесіне әр қырынан қарайды. Философияда еркіндік ұғымы көп талқыға түседі және екі бағыт айқын көрініс тапты: «Еркіндік Жаратушыдан», немесе «Жаратушыдан тыс еркіндік», т.с.с. Қазақ философиясында үлкен мәселенің бірі, осы еркіндік ұғымы, еркіндік мәселесі. Дана Абай еркіндік философиясына терең таныммен барған, өзінің шығармаларында еркіндік ұғымын қолданбағанымен, оның мәнін тереңнен ашатын, сол ұғымыға айқындық беретін, қазақ танымындағы – ерік, ырық ұғымдарын қолдана отырып мағынасын түсіндіреді. Осы екі ұғымның мәні сөздіктерде қалай аударылып берілгеніне назар қойсақ: а) Ырық (ырқы) – воля, власть ә) Ерік (еркі) – воля. Бұл ұғымдардың мағына аясының кеңдігі, әрі ерік-ырық ұғымдарының мәнінде еркіндікке ұмтылыстың қуаты толық танылғаны байқалады. Осы ұғымдардың мағыналық мәнін мәселе деңгейіне көтеріп, олардың болмысын өз шығармаларында хакім Абай тереңнен келген болатын.

Хакім Абайды терең таныған, оның шығармаларын арқау қылған Алаш алыптарының бірі және қазақ халқының тарихында ұлтқа ұстаз , жұртқа тиянақ болған тұлға, ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы . 20 ғасырдың басындағы Алаш зиялы қауымның рухани идеалы болған , тілімізге , ділімізге әдебиетімізге елеулі үлес қосқан , ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Қазағым, Елім , жұртым» деген, қалың ұйқыда жатқан халқын ояту үшін , оның санасына, мұздай қатқан жүректеріне, сезімдеріне әсер ету жолдарын тынбай іздеген. Дара тұлға : «Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан басқа бұры-соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп ашып айтқан. Хакім Абай еңбектеріндегі еркіндік философиясына ерекше көзқараспен қарап, тереңнен түсінген бірегей ғалым Ахмет Байтұрсынұлы болды. Қазақ халқы ұлт ұстазы деп мәртебесін көтерген Ахмет Байтұрсынұлы саналы ғұмырын қазақ елінің еркіндігіне, азаттығына арнаған еді. Ахмет Байтұрсынұлы еркіндік философиясына жүйелі түрде келген. Еркіндік жолына шығармашылығымен, ғылыми танымымен жүйелі түрде келген дара тұлға қазақтың еркіндік философиясының іргетасын нық қалады. «Маса» жинағы, 1911 жылы жарық көрген. Еркіндік мәселесін көтерген «Жұбату» өлеңі , тұңғыш 1922 жылғы екінші рет Қазан мекенінде басылған «Маса» жинағына енгізілген. Ахмет Байтұрсынұлы еркіндікке қатысты мәселені қазақтың бала жұбату өлеңінің мәнеріне салып жазған , өлеңінің мән-мағынасы ерекше. Қазақтың бала жұбату өлеңін жаза отырып, оны өзгеше қырынан дамытады. Ең алдымен қазақтың бала жұбату өлеңінен бір шумақ береді:

«Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Байқұтанның құйрығын,

Жіпке тағып берейін» [1.1076]. Ахмет Байтұрсынұлы осы жұбату өлеңінде философиялық қырынан еркіндік мәселесін көтерген. Яғни ,бала емессің, бұл әлдиге көнбе деп жан айқайын айтады. Халықты оятудың ең қуатты тәсілі. Қазақтың бала жұбату өлеңінің мақсаты баланы әлдилеп ұйықтату болса , мына жерде қарама-қарсы мағынада «ұйқыдан ояту» «еркіндікке ұмтылу» мәселесі көтерілген. Барлық мүмкіндікті пайдаланған: «Әлди-әлди! – мен де деймін. Сірә, «әлдиге», Сенбе деймін».

«Қайран еркін, Замандарың,
Тарлыққа жоқ, Амалдарың.
Еркін дала, Еркін қайда?
Еркіндегі, Көркін қайда?
Нулы, нулы, Жерің қайда?
Сулы, сулы, Көлің қайда?
Еркін көшкен, Елің қайда?

Ел қорғаны, Ерің қайда?»[1]. Осы өлеңдегі басты сауалдар философиялық мағынаға ие. Осындағы «Еркін дала, Еркін қайда? Еркіндегі, Көркін қайда?» назар аударсақ : Еркін дала еркінен айырылған соң, сол еркіндікте бар көркінен де айырылады. Ахмет Байтұрсынұлы осылай қойылған көп сауалға, өлеңнің екінші қайырмасында жауабын береді, еркіндіктен кімнің , қалай айырғанын нақтылай түседі: «Нулы жерден, Күшті айырды, Сулы көлден, Сұсты айырды. Малың алдау, Талауда тұр. Жаның арбау, Қамауда тұр».

Еркіндікке ұтылыстың алдындағы буырқаныс. Бодандыққа түскен елдің болмысын таратып айтып келіп: «Малың алдау, Талауда тұр. Жаның арбау, Қамауда тұр» дейді. Жаның қамауда тұрса, сен өзінді еркіндігің бар екенін сезіне аласың ба? Қалған тек құр сұлдерсің. Еркіндігің жоқ. Жаның қамауда болған соң, малың да талауға түсті.

Ахмет Байтұрсынұлы «мал» ұғымының мағынасын кеңінен алған.Бұл жерің, байлығың, берекең, дәулетің деген сөз. Осының барлығы талауға түсіп, кеңес жүйесінің «әлдиіне»

ұйықтаудың нәтижесі құрдымға, қараңғылыққа, таршылдыққа кету болмақ. Еркіндік жолындағы күрескер Ахмет Байтұрсынұлы өз тағдыры ғана емес, өзі өскен әулетке де оңай болмады. Империялық жүйе өзінің қақпанына түсірді. Ер мінезді, рухты әкесі, алыптай ағалары ел қамын ойлағаны үшін тар қапас қараңғы абақты, итжеккеннің азабын бәрін көрді. Алғаш рет Ахаңның өзі 1909 жылы тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылған, ал 1910-1917 жылдары Орынборда тұрды. Қазақ облыстарынан тыс елге жер аудару жөнінде шешім қабылданған еді. 1929 жылы тағы да үстінен іс қозғалып қамауға алынды. Сол кезеңдегі жасаған мәлімдемесінде Ахаң былай деген: «Әдеби еңбек мінезден туады. Ұлттың қажетін өтейді». 1937 жылы тағы абақтыға жабылып, сол жылдың 8 желтоқсанында ату жазасына кесілді.

Ахаңның көркем шығармаларының басым бөлігінде елдік, еркіндік рухы сезіледі. Мысалы, «Аққу, шортан һәм Шаян» мысалын алатын болсақ. Көп халыққа ортақ мысал сюжетіне Ахмет Байтұрсынұлы мынадай түйін шығарады: «Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас. Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің оңбас». XX ғасыр басында елін татулық, бірлікке шақырып отыр. Егерде біріңнің бірің тыңдамай, тіліңді алмасаң «ісің оңбас» дейді. Еркіндік философиясына қадам болатын бірлікке шақыру танымында хакім Абайды шығармаларымен үндестіктігін көреміз. Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде: Біріңді қазақ, бірің дос Көрмесен, істің бәрі бос, –деп елдікке шақырмаппа еді. Қазақтың бас ақыны, ғұлама-ойшыл, Абайдың осы өлеңі танымы терең шығарма. Осы шығармада елдік мәселесі алтын арқау болып көтерілген: «Сөзімді ұғар елім жоқ», «Ойланар елдің сиқы жоқ», бұл тоғаныстар мынандай түйін жасауға әкелді: «Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым – тап шыным!».

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы дана Абайды терең таныған, өзі саналы ғұмырында білім арқылы елінің, жұртының еркіндік жолын табуы үшін аянбай еңбек еткен.

XX ғасырдың басында дана ақын Абайдың арманын ту етіп ұстаған, Абайдың жолын қуған Алаштың асыл ұлдары еркіндік жолына санадлы өмірлерін арнады. Алаш алыптарының барлығы Абайға ерекше құрметпен қарады. Алаш алыптары әкелген еркіндік танымы еуразия кеңістігінде феномендік құбылыс болды. Алаш алыптарындағы еркін сананың басты дамуына – Хәкім Абайдың еркіндік танымы арқау болды. Ұлы Абайдың адамзаттық танымын Алаш алыптары биіктетіп, әрі қарай дамыта түсті. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айта алған алып тұлға Абайдың жолын, Алаш зиялылары еркіндік жолындағы күрестерінде басты бағдар ретінде қабылдады.

Қазақтың кең байтақ даласына өз билігі жүру былай тұрсын, табан астындағы төл жерінің де шұрайлы өңірлері де ресей империясының билігінде болғанын, тілі, дәстүрі, ділі, дініне қол салғанда ғана аңғарды. Сол қиын кезеңде қазағым бостандық таңын аңсады. Қазақ ішіне іріткі салып, алауыздық отын тұтатты. Үш жүздің баласын бірі-біріне қарсы қойып, өздерінің ішкі саясатын асқан сұрқиялықпен іске асырды... Міне, осындай қиындықтар Ахаңдарды өмірге әкелді.

1923 жылы ақпанның 4 күні шыққан мақаласында ұлы жазушы М.Әуезов Байтұрсынұлының жан-жақты еңбегін бағалай келіп былай дейді: "Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, "Қырық мысал", "Маса" еңбектері, "Қазақ" газетінің 1916 жылы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білімі, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытқанда да тарих ұмытпайтын істер болатын".[2, 716]

Ата-бабадан мирас болған жерге иелігі жүрмей жатқаны, осы жер үшін Ахметтің әкесі Байтұрсын мен оның туыстарының «итжеккенге» айдалуы, бұл оқиғаның 13 жасар баланың санасына қатты әсері, осы әділетсіздіктің 37-і мүшелінде қайталануы оны күрескер, реформатор тұлға етіп қалыптастырғаны мұрағаттық құжаттарда жазылған.

2022 жылы Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Алматы қаласында Ахмет Байтұрсынұлына арнап ескерткіш ашқын болатын. "Жұртына пайдасы тиетін жұмыстың бәріне Ахаң үлес қосқан. Тіпті, бірқатар саланы өзі бастап берген. Ол қазақтың төл әліпбиін жасады, алғашқы әліппемізді құрастырды. Сондай-ақ оқулық жазып, тіл білімінің негізін қалады. «Қазақ» газетін шығарып, баспасөздің дамуына жол ашты. Арада қанша жыл өтсе де, оның рухани мұрасы жұртының игілігіне жарап келеді. Сол себепті жұртымыз оны «Ұлт ұстазы» деп ардақтайды. Ахмет Байтұрсынұлы – ағартушы-ғалым ретінде бүкіл өркениетті әлемге танымал. Ол халқымыздың тағдыры сынға түскен күрделі кезеңде ерекше ұлтжандылық танытты. Еліміз бүтін, жеріміз тұтас болуы үшін өлшеусіз еңбек сіңірді. Қазаққа қызмет ету жолында бар күш-жігерін жұмсады. Ұлт көшбасшысының өмір жолын елді сүюдің жарқын үлгісі деуге болады. Оның ғибратты ғұмыры – өскелең ұрпақ үшін әрдайым өнеге"[3], – деп Мемлекет басшысы өз сөзінде ұлт ұстазының ерен еңбегі келер ұрпаққа үлгі болатынын нық сеніммен айтты .

Қорыта келгенде, ғалымның бүгінгі егемен елі тарапынан «Ана тілдің айбары» белгісімен марапатталуы, «Ғасыр саңлағы» деп жариялануы тарихи тұлғаның қазақ деген ұрпағымен мәңгі жасайтынының кепілі болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахмет Байтұрсынов шығармалары 1 том – Алматы «Алаш», - 2003, 315б.
2. Есім Ф. Хакім Абай. Астана: Фолиант, 2012.
3. https://www.kt.kz/kaz/society/to_aev_almatyda_ahmet_bayt_rsynovty_eskertkishin_ashty_1377942938.html

ОӘЖ 02.15.51

М.ФУКО БІЛІМ-БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС: ТӘРТІПТІК БИЛІК ПЕН БИОБИЛІК

Болатбеков Елдар Серікболұлы
eldar_xo@mail.ru

«Философия және әдеп» ББ 1-курс магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Саркулова М.С.

Бүгінгі таңда М.Фуко еңбектерінде көрсетілген билік қатынастар мәселесіне классикалық емес көзқарас қалыптасты деп айтуға болады. Осы көзқарас аясында билік тек қоғамның немесе мемлекеттік, саяси деңгейінде шектеліп қалмайды, сонымен қатар адами қарым – қатынастың барлық салаларында мысалы: отбасында, мектепте, түзеу мекемелерінде, кәсіпорында, ауруханада және т.б. Нәтижесінде билік жалпы, құрылымсыз, біртекті емес формация ретінде түсініле бастады, ол индивидті жан-жақты қоршап, оны билік пен білімнің жақындасу процесіне алып келеді. Бұл ғылыми әдебиеттерде тәртіптік билік ұғымымен анықталған биліктің ерекше түрі.

Тәртіптік биліктің негізгі принципі – паноптизм немесе қадағалау қағидасы. Оны М. Фуко «Қадағала және жазала» еңбегінде ашқан. Француз ойшылы И. Бентаманың атақты түрме жобасына, паноптиконға (panopticon) сілтеме жасайды. И. Бентаманың түрмесі ортасында мұнарасы бар шеңбер ретінде бейнелінген. Айналаның айналасында камералар орналастырылды, ал мұнарада түрме күзетшілері болды. Камералар толығымен көрінді, өйткені оларда екі терезе болды: біреуі ішінде, екіншісі шеңбердің сыртында. Мұнара мен камералардың ерекше орналасуына байланысты тұтқындар өздерінің бақылаушыларын көре